

«Жылыойгаз» ЖШС-нің 2019 жылдың қорытынды есебі.

1. «Жылыойгаз» ЖШС туралы жалпы мәлімет

«Жылыойгаз» ЖШС ҚР табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің Атырау облысы бойынша Департаменті директорының 19 наурыз 2009 жылғы №65-ЖҚ бұйрығына сәйкес **табиғи газды тұтынушыларға таратушы газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметі** бойынша табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тізімінің жергілікті бөліміне енгізілген болатын және осы саладағы қызметін 2009 жылдың 1 мамырынан бастады.

Серіктестік Жылыой ауданы тұтынушыларын көгілдір отынмен қамтамасыз етіп отырған бірден-бір мекеме, яғни «Теңізшевройл» ЖШС Теңіз кенішінен игеретін табиғи газды сатып алып, таратушы газ құбырлары арқылы тасымалдап, тұтынушылардың газ қондырғыларына дейін жеткізіп береді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 73 бұйрығына сәйкес «Жылыойгаз» ЖШС 2019 жылдың қорытынды есебін бұқаралық ақпарат құралдарына және интернет-ресурсқа жариялайды.

2. Инвестициялық бағдарламаның орындалуы.

«Жылыойгаз» ЖШС 2019 жылға жоспарланған Инвестициялық бағдарламасын толығымен орындады. Ол – газ өткізу қуаты 50000 текше метрді құрайтын автоматты газ тарату бекетін сатып алып орнату болатын. Автоматтандырылған, жаңа үлгідегі автоматты газ тарату бекетін (әрі қарай - АГТБ) ауыстырудағы басты мақсат – тұтынушыларға көгілдір отынды толассыз жеткізу мен қызметтердің сапасын арттыру болатын. АГТБ өткен жылдың аяғында іске қосылып, қазіргі таңда аудан тұтынушыларын көгілдір отынмен толассыз қамтамасыз етуде.

2019 жылға инвестициялық бағдарламаны орындау құны - 144 928,36 мың теңгені құрады. (№1 нысан)

№ п/ п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат					Пайда мен шығындар туралы есеп *	Инвестициялық бағдарламаның сомасы)				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны			Инвестициялық бағдарламашенберінде қызмет ұсыну кезені	Жоспары	Факт	ауытқу	ауытқу себептері
				план	факт						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Жылыой ауданы тұтынушыларын а таратушы газ құбырлары арқылы табиғи газды тасымалдау	Газ өткізу қуаты 50000 текше метрді құрайтын АГТБ сатып алу (2 транш)	бірлік	1	1	2019 жыл	112 736,00	128 469,00	132 535,50	4 066,50	Валюта курсының өсіміне байланысты
2		АГТБ ауыстыру	жұмыс	1	1			12 447,88	12 392,86	-55,02	Тендер қорытындысы бойынша үнемдеу пайда болды
	Барлығы							140 916,88	144 928,36	4 011,48	

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**							
собственные средства		Қарыз қаражат	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша)		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету	
Амортизация	Пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24
81 016,19	63 912,17	-	-	5,00	10,25	5,21	5,19	1,84	1,84	0	0
81 016,19	63 912,17	0	0	5	10,25	5,21	5,19	1,84	1,84	0	0

Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
25	26
Ауытқу болмады	Өндіріс көрсеткіштерін жақсартылып, көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсартылды, газды тасымалдаудың үздіксіз және кедергісіз режимі қамтамасыз етілді
0	0

3. 2019 жылға бекітілген тарифтік сметасы төмендегі кестеге сәйкес орындалды. (нысан №2)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2019 жылға жоспарланған тарифтік смета	2019 жылғы нақты көрсеткіштер
I	Тауарларды өндіру және қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар	мың тенге	195 337,33	235 085,55
II	Кезең шығындары	-"	46 175,10	48 286,23
IV	Көрсетілген қызметтің жалпы шығыны	-"	241 512,43	283 371,78
V	Таза пайда	-"	35 581,07	20 503,63
VII	Жалпы кіріс	-"	277 093,50	303 875,41
VIII	Көрсетілген қызмет көлемі	мың текше метр	124 000,00	136 713,31
IX	Нормативтік техникалық ысырап	%	1,84	1,84
IX		мың текше метр	2 281,60	2 515,52
X	Тариф ҚҚС-сыз	тенге/мың текше метр	2 234,625	2 222,720

Тарифтен түскен пайда мен негізгі құралдарға есептелген амортизация –2019 жылға жоспарланған инвестициялық бағдарламаны орындауға жұмсалды.

4. 2019 жыл бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат. (№3 нысан).

№ п/п	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіші	2018 жыл	2019 жылға жоспар	2019 жыл	Сенімділік және сапа көрсеткіштерінің сақталуын бағалау, %	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерін сақтамау себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Өндірістік көрсеткіштері, Бекітілген инвестициялық бағдарламаға(жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша, мың.м3	128 230,23	124 000,00	136 713,31	10,25	-
2	Негізгі қорлардың (активтердің) тозуын төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жолдары бойынша	5,21	5,19	5,19	0,00	-
3	Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жолдары бойынша	1,87	1,84	1,84	0,00	-
4	Авариялық жағдайды төмендету, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жолдары бойынша	-	-	-	-	-

5. "Жылыойгаз" ЖШС-нің таратушы газ құбырлары арқылы табиғи газды тасымалдау қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2019 жылдың қорытындысы (№4 нысан)

№ п/п	Тиімділік көрсеткіші	2018 жыл, %	2019 жылға жоспар, %	2019 жыл, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеудің себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Өндірістік көрсеткіштер	5	5	10,25	Өндіріс көрсеткіштерін жақсартылып, көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсартылды, газды тасымалдаудың үздіксіз және кедергісіз режимі қамтамасыз етілді	-

6. 2019 жыл бойынша «Жылыойгаз» ЖШС-нің негізгі қаржылық экономикалық көрсеткіштері

Жалпы кіріс- 1 928 424 мың тг;

Қызмет көрсетуге кеткен шығындар – 1 797 264 мың тг;

Салық салуға дейінгі пайда – 131 160 мың тг;

Корпоративтік табыс салығы – 18 424 мың тг;

Соңғы пайда – 112 736 мың тг.

7. Табиғи газды тасымалдау көлемі. «Жылыойгаз» ЖШС бойынша 2019 жылғы табиғи газды тасымалдаудың нақты көлемі –136 713,31 мың текше метр. Соның ішінде:

1. Жеке тұтынушылар үшін – 72 663,89 мың текше метр;

2. Занды тұлғалар үшін – 64 049,42 мың текше метр.

8. Тұтынушылармен жүргізілген жұмыстар туралы. Серіктестік реттелетін қызметтеріне тұтынушылардың қол жеткізуіне тең жағдайды қамтамасыз ете отырып, таратушы құбырлары жүйесімен табиғи газды тасымалдау бойынша сапалы, уақытылы және қауіпсіз қызметтерді ұсыну арқылы Жылыой ауданы тұрғындарына мейлінше пайда келтіру мақсатын ұстанады.

1. Тұтынушылардан келіп түскен арыз, өтініш, хаттардың барлығы да ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 8 бабына сәйкес төмендегідей мерзімде қаралады:

- Өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші күntізбелік он бес күн ішінде қаралады.

- Өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші күntізбелік отыз күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

- Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі күntізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күntізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

2. Серіктестік «бір терезе» принципімен жұмыс жасайды. Яғни, әр тұтынушы «бір терезе» арқылы барлық сұрақтарына нақты жауап ала алады, тапсырыстарын, арыз, шағым, ұсыныстарын бере алады, және техникалық шарт, келісім-шарт, техникалық құжаттар, анықтамалар, т.б. тиісті құжаттарды да ресімдеп ала алады. Нәтижесінде әр кабинетті жағалап, әр қызметкерді іздеп, әр қайсысына шаруасын түсіндіріп жүрудің қажеттігі жоқ.

3. Серіктестікте заман талабына сай электрондық құжатайналым IBM Notus бағдарламасы енгізіген. Сол арқылы тұтынушылардың тапсырыстары, арыз-шағымдары мен ұсынстары сол қабылданған мезеттен бастап бірден орындаушыға түседі. Нәтижесінде, Басшылық тұтынушыдан түскен тапсырыстардың, арыз-шағымдар мен ұсыныстардың орындалу уақыты мен деңгейін тікелей бақылап отырады.

4. Кезекте тұрған тұтынушылар арасында түсініспеушілік туындамас үшін Серіктестікте «электрондық кезек» жүйесі орнатылды. Нәтижесінде, әр тұтынушы алаңдамай өз кезегін сол жерде орнатылған теледидар арқылы көріп отырады.

5. Серіктестік, төлем жасау барысында тұтынушылардың уақытын үнемді пайдалану үшін терминалдар орнатты. Демек, тұтынушылар кассаға кезекке тұрмай, бірден терминал арқылы төлемдерін жасай алады.

6. Қауіпсіздік талаптарын сақтау, жылу беру маусымының басталуы және аяқталуы, төлемдерді қабылдау әдістері мен орындары, тұтынушыларға өткізілетін қоғамдық тыңдаулар, газ бағасы жөніндегі және т.с.с. әр түрлі мәтіндегі ақпараттарды Серіктестік аудан көлеміндегі бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландыру, мақала ретінде үнемі жариялап келеді.

7. Жылу беру маусымы алдында газ қондырғыларын пайдалану ережесін аудан тұрғындарына түсіндіру мақсатында ағымдағы жылдың қыркүйек айының 01-і мен қазан айының 07-і аралығында қауіпсіздік іс-шаралары ұйымдастыру жоспарлануда. Айлық кезінде Майкөмген, Шоқпартоғай, Ақкиізтоғай, Қосшағыл, Тұрғызба, Жаңақаратон ауылдарына және Құлсары қаласында тұтынушылармен кездесіп, «Тұрмыста газды қауіпсіз қолдану», «Газ құралдарын пайдалану кезінде қауіпсіздікті сақтау» атты тақырыпта жиын-кеңестер өткізіледі.

8. Серіктестік, қызмет жүйесін заман талабына сай оңтайландыру мақсатында, «Мобильді қосымша» бағдарламасы да ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап қолданысқа енгізілді. Яғни, тұтынушы өз ұялы телефонына «Мобильді қосымшаны» жүктеу арқылы кез келген уақытта өзінің тұтынған газ есебін, көрсетілген өзге қызмет, төлем ақылар жөнінде акпараттарды көріп, төлем жасай алады, сонымен қатар, есеп құралының көрсеткіштерін жүктейді және ай сайынғы төлем шоттарын да жүктеп алу мүмкіндіктері бар.
9. Айта кететін болсақ, соңғы бір жыл көлемінде Өткізу қызметі есепке алу аспабының көрсетімін Whatsapp арқылы қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Бұл әдіс екі жақты тиімді болып табылады.

9. Даму жоспары. «Жылыойгаз» ЖШС болашақтада Жылыой ауданы тұтынушыларына көгілдір отынды толассыз жеткізу жұмысын жоғарғы дәрежеде жасауға жұмыстанады.

Серіктестікте, қолданыстағы жер үсті газ құбырларды жаңғырту және игерілмеген жаңа аймақтарын газдандыру жұмыстары жоспарланған. Атап айтсақ, Құлсары қаласындағы 5 ықшам ауданнан өндірістік аймаққа дейінгі аралықта жер үсті орта қысымды қимасы 325 мм газ құбырын қайта жаңғырту жұмыстары жоспарланған. Жалпы ұзындығы 1 885,6 метр газ құбыры қимасы 110-315 мм полиэтилен құбырға ауыстырылып жердің астымен жүргізіледі.

Жаңа-Қаратон, Тұрғызба, Қосшағыл елді-мекендерінде жаңа игерілмеген жерлерден жер телімдері бөлініп, жеке тұрғын үйлер салынып тағы да басқа өндірістік-әлеуметтік құрылыстардың көбеюіне байланысты жаңа газ жүйелерін тарту мен қосымша жаңа газ реттегіш қондырғылар орнату қажеттігі туындауда.

Одан кейін жаңадан салынатын «Атырау» ықшам ауданына ұзындығы 9500 метр төмен қысымды газ құбырын жүргізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, кез келген ескерту, мәлімдеме, хабарламаларды уактылы алып, біліп отыру үшін ұялы телефонға смс-хабарлама ретінде жолдау қызметін қосылу жоспарлануда.

«Жылыойгаз» ЖШС негізгі қорларды жаңғырту, қызмет сапасын көтеру мақсатында 2021-2025 жылдарға инвестициялық бағдарламасын дайындады. Сонымен қатар, қолданыстағы тасымалдау тарифінің мерзімі 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталады. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа тасымалдау тарифі бекітілетін болады, бірақ тариф деңгейінің айтарлықтай өсімі жоспарланып отырған жоқ. Аталған жұмыстар бойынша алдағы уақытта бұқаралық акпарат құралдары және қоғамдық тыңдаулар өткізулер арқылы халыққа толықтай жеткізетін боламыз.

Жалпы, «Жылыойгаз» ЖШС Жылыой ауданы аумағындағы газ таратушы ұйым болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде жүзеге асырады.

Серіктестіктің күнделікті қызметі, соның ішінде тарифтерді өсіру, есепке алу аспаптарын кезекті тексеруден өткізу, техникалық қызмет көрсету мен тұтынушылардың пайдаланылған газ есебін жүргізу Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін Заңнамалар, Ережелер мен Нұсқаулықтарға сай жүзеге асырылатынын қаперлеріңізге беремін.

«Жылыойгаз» ЖШС директоры



Жакашев Г.М.